

Г.А. Мұқанова^{1,*}, Е.Х. Какимжанов¹, Б.Е. Шимшиков¹,
З.А. Туқенова², М.Г. Мустафаев³, А.А. Ошақбай¹,
А.Н. Хасенова¹

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²РМК «Зоология институты» ҚР ҒЖБМ ҒК, Қазақстан, Алматы қ.

³Топырақтану және агрохимия институты, Әзірбайжан, Баку қ.

*e-mail: gulzhanatmukanova@gmail.com

ДЕРЕКТЕР ҚОРЫН ҚҰРУ ҮШІН БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨҢІРІНДЕ АНТРОПОГЕНДІК ЫҚПАЛДАН ДЕГРАДАЦИЯҒА ҰШЫРАҒАН АЙМАҚТАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІН САРАПТАУ

Батыс Қазақстан өңірінде химиялық және радиациялық ластанудың қауіпті деңгейіндегі экологиялық апатты деп танылған аймақтары мен елді-мекендері бар. Мақсатымыз – Батыс Қазақстан өңірінде өнеркәсіптік қысымынан деградацияға ұшыраған аймақтарының экологиялық жай-күйіне мониторинг жүргізу. Жер ресурстарының сапасын арттыруға, экологиялық қауіпсіздікті жақсартуға және халықтың денсаулығын қорғауға бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстары Батыс Қазақстан өңірінің тұрақты дамуына ықпал ететін болады.

Қабылданатын шаралар өңірдің топырақ құнарлығын сақтауға және оның тұрғындарының әл-ауқатын ұзақ мерзімді негізде қамтамасыз етуге көмектеседі. Салыстырмалы-аналитикалық әдіс барлық топырақ қасиеттерінің өзгеруіне байланысты оның өсімдігі мен фаунасының қалыптасуы және көші-қон ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Топырақтың морфологиялық, химиялық, физикалық және физика-химиялық қасиеттері, сондай-ақ ластанудың ықтимал көздері туралы кешенді мәліметтер базасы құрылды. Топырақтың улы химикаттармен ластануын бағалаудың әдістемелік негіздері жасалуда. Батыс Қазақстан өңірінің топырақ жамылғысының экологиялық жағдайы бойынша кешенді зерттеулер жүргізілуде. Әзірленуде: ақпараттық мәліметтер базасы және топырақтың улы химикаттармен ластануын бағалаудың әдістемелік негіздері; аймақтағы экологиялық жағдайды жақсарту үшін улы химикаттармен ластанудың алдын алу бойынша ұсыныстар.

Түйін сөздер: Ластану, топырақ, улы заттар, мониторинг, экология.

G.A. Mukanova^{1,*}, E.Kh. Kakimzhanov¹, B.E. Shimshikov¹, Z.A. Tukenova²,
M.G. Mustafayev³, A.A. Oshakbay¹, A.N. Khasenova¹

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²RSE on the REM «Institute of Zoology» CS MSHE RK, Kazakhstan, Almaty

³Institute of Soil Science and Agrochemistry, Azerbaijan, Baku

*e-mail: gulzhanatmukanova@gmail.com

To create a database, an analysis of the ecological state of the West Kazakhstan region, which is subject to degradation as a result of anthropogenic activities

On the territory of the West Kazakhstan region there are recognized environmental disaster zones and provinces with dangerous levels of chemical or radiation contamination. The goal is to monitor the environmental condition of the territory of the West Kazakhstan region as a result of industrial activities. Carrying out research work will contribute to the sustainable development of the West Kazakhstan region by improving soil quality, improving environmental safety and protecting public health.

The measures taken will help preserve the region's land resources and ensure the well-being of its residents on a long-term basis. The comparative analytical method will allow us to establish the features of the formation and migration of soil fauna along the soil profile in conjunction with changes in other soil properties.

A comprehensive database has been created on morphological, chemical, physical and physico-chemical properties, as well as on possible sources of pollution. Methodological foundations for assessing soil contamination by toxic chemicals have been developed. Comprehensive studies are being

carried out on the ecological state of the soil cover of the West Kazakhstan region. The following are being developed: an information database and methodological basis for assessing soil pollution by toxic chemicals; recommendations for preventing pollution by toxic chemicals to improve the environmental situation in the region.

Key words: Pollution, soil, toxic substances, monitoring, ecology.

Г.А. Мұқанова^{1*}, Е.Х. Какимжанов¹, Б.Е. Шимшиков¹, З.А. Түкенова²,
М.Г. Мустафаев³, А.А. Ошақбай¹, А.Н. Хасенова¹

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²РГП «Институт зоологии» КН МНВО РК, Казахстан, г. Алматы

³Институт почвоведения и агрохимии, Азербайджан, г. Баку

*e-mail: gulzhanatmukanova@gmail.com

Анализ экологической ситуации территорий, подверженных деградации в результате антропогенного воздействия в регионе Западного Казахстана, для построения базы данных

На территории Западно – Казахстанского региона имеются признанные зоны экологического бедствия и провинции с опасным уровнем химического и радиационного загрязнения. Цель – мониторинг экологического состояния территории Западно –Казахстанского региона в результате промышленной деятельности. Проведение научно-исследовательской работы будет способствовать устойчивому развитию Западно-Казахстанского региона путем повышения качества почвы, улучшения экологической безопасности и защиты здоровья населения.

Принимаемые меры помогут сохранить земельные ресурсы региона и обеспечить благополучие его жителей на долгосрочной основе. Сравнительно-аналитический метод позволит установить особенности формирования растительного покрова и миграции почвенной фауны по профилю почвы в сопряженной связи с изменением других почвенных свойств.

Создана комплексная база данных по морфологическим, химическим, физическим и физико-химическим свойствам, а также о возможных источниках загрязнения. Разработаны методические основы оценок загрязнения почвы токсичными химическими веществами. Проводятся комплексные исследования по экологическому состоянию почвенного покрова Западно – Казахстанского региона. Разрабатываются: информационная база данных и методические основы оценок загрязнения почвы токсичными химическими веществами; рекомендации по предотвращению загрязнения токсичными химическими веществами для улучшения экологической ситуации в регионе.

Ключевые слова: Загрязнение, почва, токсические вещества, мониторинг, экология.

Кіріспе

Батыс Қазақстан өңірінде топырақ жамылғысының улы химикаттармен ластануын бағалау жүйелі тәсілді және кешенді зерттеулерді талап етеді. Ластануды дұрыс бағалау және бақылау аймақтың тұрақты дамуы мен халықтың денсаулығын қамтамасыз етудің ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы уақытқа дейін Батыс Қазақстан өңірінде топырақ жамылғысының токсинді, улы химикаттармен ластануына толыққанды кешенді зерттеулер жүргізілген жоқ сондықтан жоспарланып отырған зерттеулер маңыздылығымен ерекшеленеді (Сапаров, 2006: 216).

Жыл сайынғы топырақ ресурстарына антропогендік жүктеменің қарқынды әсерінің өсуіне байланысты жоспарланған зерттеулер өзекті болып табылады. Техногенді бұзылыстар, топырақтағы мұнай өнімдері мен химиялық токсинді заттардың аномальді жоғары болуы

өсімдіктердің деградациясына және өліміне себеп болады.

Техногендік заттардың ұзақ мерзімді аккумуляторы болып табылатын топырақ жамылғысының жай-күйі Батыс Қазақстан өңірінің табиғи ортасының жалпы экологиялық жай-күйін бағалаудың маңызды критерийлерінің бірі ретінде әрекет етеді.

Осыған орай зерттеу жұмысының мақсаты – өнеркәсіптік қызмет нәтижесінде Батыс Қазақстан өңірінде деградацияға ұшыраған аймақтарының экологиялық жай-күйіне мониторинг жүргізу.

Міндеттері:

- Топырақтың морфологиялық, химиялық, физикалық және физика-химиялық қасиеттері, сондай-ақ ластануының ықтимал көздері туралы кешенді мәліметтер қорын құру.

- Топырақтың улы химикаттармен ластануын бағалаудың әдістемелік негіздерін әзірлеу (Досбергенов, 2008: 57).

Ақпараттық деректер қоры және топырақтың улы химикаттармен ластануын бағалаудың әдістемелік негіздері әзірленетін болады; ақпараттық-бағалау карталарының сериясын жасай отырып, топырақтың қазіргі заманғы улы химикаттармен ластануына баға беріледі; топырақтың улы химикаттармен күтілетін ластануының сценарийлері әзірленетін болады, болжамды-ұсынымдық карталар сериясымен улы химикаттармен ластанудың алдын алу жөніндегі іс-қимыл жоспарлары дайындалатын болады; өңірдегі экологиялық жағдайды жақсарту үшін ұсынымдар әзірленеді.

Өңір аумағының топырақтарында аса қауіпті химиялық элементтердің көп болуына байланысты олардың морфогенетикалық қасиеттері өзгереді. Гумусты қабаттың ион алмасу процестері бұзылады, нәтижесінде өсімдік жамылғысының ауруы дамып, кейбір түрлердің өлімі және олардың өсуі мен дамуының нашарлауы орын алады.

Екінші реттік тұздану нәтижесінде топырақтың жоғарғы қабаты тығызданады да ол кейіннен жел эрозиясының ошағына айналып және жаңа сортаңдардың пайда болуына ықпал етеді. Осылайша, Батыс Қазақстан аймағының экологиялық жағдайы қанағаттанарлықсыз, әсіресе Каспий маңы ойпаты шегінде, оны адамдардың өмірі үшін өте қолайсыз деп санау керек (Salikhov, 2020: 221).

Бұл зерттеу Батыс Қазақстан өңірі топырағының улы химикаттармен ластануын бағалау жөніндегі стратегиялық маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді. Жоба аясында топырақтың қасиеті мен токсинді заттардың құрамын талдау, сондай-ақ олардың экожүйеге әсерін анықтауды қамтитын кешенді экологиялық зерттеулер жүргізіледі. Ластанудың негізгі көздері анықталады, сондай-ақ өнеркәсіптік шығарындылар мен олардың топырақ сапасына әсері талданады. Бұл деректер болашақта ластануды бағалау және ең маңызды аймақтарды анықтау модельдері мен әдістерін әзірлеу үшін пайдаланылады.

Батыс Қазақстан өңірі топырақтарын жоспарланып отырған далалық және камералдық зерттеулер мониторингтік алаңдардан сандық деректерді алуды, қор материалдарын, картографиялық материалды зерделеуді және қашықтықтан зондтау мәліметтерін дешифрлеуді (ғарыштық суреттерді өңдеу), метеорологиялық деректерді жинауды қамтиды, бұл деградацияға ұшыраған жерлердің және басқа да рельеф

түзуші процестер таралуының заманауи контурларын нақтылауға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері топырақ экожүйелеріне келтірілген зиянды азайту бойынша Мемлекеттік практикалық іс-шараларды дамытудың ғылыми негізі бола алады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Далалық әдістердің сипаттамалары бойынша репрезентативті мониторингтік алаңдарды таңдау және зерттеу: жер бедері, климаттық көрсеткіштер, топырақ және өсімдік жамылғылары болып табылады. Таңдалған алаңдарда химиялық көрсеткіштер бойынша одан әрі талдау үшін топырақ үлгілері іріктеледі.

Зерттеудің картографиялық әдістері бойынша қор деректері мен далалық бақылау материалдарын өңдеу, ГАЖ технологиясын қолдана отырып, топырақтың улы химикаттармен ластануы туралы тақырыптық карталар құру. Қоршаған ортаның компоненттерін әртүрлі зерттеулерде геоақпараттық технологияларды (ГАЖ) пайдалану қазіргі заманғы ГАЖ бағдарламалары ұсынатын мүмкіндіктердің кең ауқымымен анықталады. Зерттеу нәтижелері бойынша тақырыптық және аналитикалық электрондық карталар сериясы құрылады, жер деградациясы мен топырақтың сортаңдануы және топырақ картасы жасалады (Какимжанов, 2020: 130).

Зертханалық зерттеулер дәстүрлі әдістермен жүргізіледі: гранулометриялық және микроагрегаттық құрамдар – Н.А. Качинский бойынша; жалпы гумус, гумустың топтық және фракциялық құрамы – И. Тюрин бойынша; жалпы азот – Къельдаль бойынша; карбонаттардың көмірқышқыл газы – Гейслер-Максимюк бойынша; гипс-Гедройц бойынша; алмасу сыйымдылығы – Гедройц бойынша; сіңірілген кальций мен магний – Гедройц бойынша; сіңірілген натрий мен калий – жалын фотометрінде анықталады; су сығындысын талдау – Аринушкина бойынша (Аринушкина, 1977: 350); топырақ суспензиясының рН – калориметриялық әдіс бойынша; агрегаттық талдау – Саввинов бойынша; топырақтың максималды гигроскопиялығы – Митчерлих бойынша; топырақтың қатты фазасының массасы – пикнометриялық әдіспен; көлемдік массасы – Некрасов бурымен; топырақтың ылғалдылығы – салмақ әдісімен; су өткізгіштігі – Н.С. Нестеров аспабымен, есеп шеңберінің ауданы $0,1 \text{ м}^2$, 5 см тереңдікте ылғалдылықты анықтау; жылжымалы

темір – Кирсанов бойынша; жылжымалы фосфор – Мачигин бойынша; жылжымалы калий – Протасов бойынша; гидролизденетін азот – Тюрин және Кононов бойынша; жалпы фосфор – Памбертон бойынша; жалпы калий – Смит бойынша; топырақтың жалпы талдауы – Гедройц бойынша, биологиялық (топырақ фаунасы) зерттеулер Гиляров әдісі бойынша жүргізіледі (Шимшиков, 2009; 58).

Зерттеу нәтижелері және талқылау

Каспий өңірінің қазіргі экологиялық жағдайы табиғи және антропогендік факторлардың ықпалына тәуелді. Табиғи факторларға аумақтың шөл зонасында орналасуы, сонымен байланысты жылы кезеңдерде тым құрғақшылық пен температураның жоғары болуы, топырақ-өсімдік жамылғысының жұтаңдануы қалыптасады. Жазық аумақтардың басым болуы, құмды және сорлардың дамуы және жел режимінің ерекшеліктерінен дефляциялық және сорлану үдерістерінің таралуы, құмды дауылдардың қалыптасуы жүреді (Salikhov, 2017: 254).

Жер беті сулары шектелген және олар трансшекаралық болып табылады. Аймақтың ерекшелігі Каспий теңізіне байланысты, алайда оның қолайлы климаттық ықпалы 3-5 км болатын еңсіз аумақты ғана қамтиды. Шөл экожүйесіне антропогендік ықпал әсерінен шаруашылық игерудің ұзақтығы мен қарқынына байланысты қалыптасқан, экологиялық жағдайы әртүрлі деңгейде өзгеріске ұшыраған жүйелер қалыптасады. Негізгі ықпал түрлеріне селитебтік, өнеркәсіптік, көліктік және ауылшаруашылық (басым жайылымдық) жатады, оларды бағалау мен картографиялау жұмыстары дәстүрлі, сонымен қатар қашықтықтан зерделеу әдісі тәрізді жаңа геоақпараттық әдістер түрлерін қолдана отырып жасалды (Sarah, 2017: 116).

Жер бедері қоршаған ортаның базисті құраушы болып табылады және оның бұзылуы табиғи-шаруашылық жүйенің сатылы өзгерісін тудырады. Осыған сәйкес қауіпті геоморфологиялық үдерістердің қалыптасу аумақтары мен ықпал ету деңгейлері бойынша бағалау жүргізіледі: жылжымалы құмдар қалыптасуының ошақтарындағы дефляция үдерістері, өзен аңғарларындағы эрозиялық үдерістері, Каспий теңізінің ойпатты жағаларындағы сорлардың пайда болуы, суы таяз қайраңдағы абразиялық -аккумуляциялық үдерістері және т.б. Негізгі назарды селитебтік

нысандарға (Исатай а., Майкөмген а. және басқалары) біршама жағымсыз ықпал ететін және инженерлік-көліктік жүйенің қызметін қиындататын жылжымалы құмдарға аудару қажет. Атырау облысы мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаментінің деректері бойынша радиациялық жағдай норма шегінде және 7-14 мкР/сағ. құрайды. Сонымен бірге күрделі проблемалардың бірі Азғыр полигоны қызметін бағалау мен оның салдарын жою болып саналады. «Азғыр» полигоны Құрманғазы ауданында орналасқан, алаңы батыстан шығысқа шамамен 20 км. және оңтүстіктен солтүстікке 15 км. құрайды. ҚР Ұлттық орталығы ядролық физика институтымен жүргізілген зерттеулер қорытындысы бойынша, аумақтың топырағындағы плутоний-239-240, стронций-90, америций-241, цезий-137 сияқты радиация мөлшерін құрайтын негізгі элементтер, ғаламдық түсу деңгейінен аспайды деген шешім жасалды.

Болжамды ресурстармен қамсыздандыру деңгейі мен гидросфераға техногендік ықпалды есепке ала отырып аймақтың су ресурстарының қазіргі жағдайын жүйелік талдау олардың экологиялық жағдайының деңгейін бағалауға мүмкіндік берді. Негізгі ластаушы көздер мұнай-газ кәсіпорындарының кешені болып табылады. Мұнай және газ өндіру салаларының өнеркәсіптік қалдықтары топырақ және жер беті суларына біршама техногендік ықпал етуде. Ластаушы заттар ластанған өзендер мен су айдындарынан жер беті және жер асты ағындары арқылы тасымалданады. Ірі экологиялық қауіп ретінде құрамында мұнай өнімдерін, фенолды, хлоридтерді, аммоний тұздары мен ауыр металдарды біріктірген 50-70 млн. м³ аумақтағы ластанған сұйық қалдықтардан тұратын, Атырау қаласының сол жағалау бөлігінде орналасқан «Тухлая балка» булану зонасы болып табылады.

Теңіз акваториясында мұнай кенорындарының орналасуына байланысты қалыптасқан теңіздің мұнай және мұнай өнімдерімен ластануын болдырмау және алдын алу аса өткір мәселеге айналды. Хроматографиялық талдау нәтижелеріне қарағанда, мұнай өнімдерінің 3,7-3,92 мг/дм³ дейінгі шектік рауалы концентрациясынан (ШРК) 74-78 есе жоғарғы шығыс жағалаудағы бірнеше мұнай кәсіпшілігі мен көптеген істен шыққан мұнай ұңғымалары орналасқан аумақтағы жергілікті таяз су зонасында тіркелген. Сонымен қатар ауыр металдармен ластану да байқалуда. Цинк шамамен барлық жерде кездеседі. Цинк бой-

ынша ШРК-нің артық болғандығы Морское кенорнында – 5,1 ШРК және Забурунье кенорнында – 2,5 ШРК байқалған. Цинк концентрациясының ерекше жоғары 1,1-15 ШРК көрсеткіші Волга және Жайық өзендері арасындағы құйылыс аудандарында, өзен аралығындағы суы таяз акваторияларда анықталған. Күшәланың нормативтік деңгейден 3,2 есеге артық максималды концентрациясы теңіздің солтүстік және солтүстік-шығыс бөлігінде тіркелген (Бабенко, 2010: 216) Атырау облысының топырақ жамылғысын талдау арқылы олардың экологиялық бұзылу деңгейіне ықпал ететін негізгі факторларын, топырақтың ластануы мен тұздануының басым түрлерін анықтау жүреді. Облыс топырақтарын бонитеттеу бойынша көрсеткіштері өте төмен, бұл зоналық топырақтарда қарашірінді мөлшерінің аз болуымен және тұздану, сорлану тәрізді жағымсыз себептерге байланысты. Облыс топырақтары төменгі бонитет баллдарымен сипатталады: жайылымдар шегінде 3,8-6, шабындықтарда 7-8,4. Біршама жоғары бонитет баллы егістіктерде – 14,5-тен 22,3-ке дейін. Төменгі балл көрсеткіштерімен Құрманғазы ауданының Нарынқұм шегіндегі топырақтар, сондай-ақ Индер, Мақат және Махамбет аудандарының адырлы жазықтарының топырақтары сипатталады (3,8-4,0). Біршама жоғарғы балл көрсеткіштерімен Атырау қ.э. мен Қызылқоға ауданының аллювиалды-атырау жазықтарының топырақтары анықталады (5,8-6,0).

Облыстың топырақ-өсімдік жамылғысының біраз бөлігі, әсіресе өнеркәсіп қарқынды дамыған аудандар мен негізгі себеп болып табылатын адамның тиімсіз шаруашылық әрекеті салдарынан қалыптасқан шөлдену үдерістері нәтижесінде деградацияға ұшыраған. Антропогендік ықпал нәтижесінде өсімдік жамылғысының сиреуі мен өсімдіктердің басым түрлерінің ауысуы жүреді, өсімдік түрлерінің саны азайып, кейбір түрлері жойылады, сор өсімдіктерінің саны арта бастайды. Облыс аумағында өзгеріске ұшырамаған аумақтар өте аз. Олардың қатарына Каспий теңізінің жағалауында және Жайық пен Волга өзендерінің атырауларында қамыс қопалары өскен шағын аумақтарды жатқызуға болады. Тың өсімдіктері өскен кішігірім аумақтар Каспий маңы ойпаты шегінде және Желтау тауының оңтүстік-шығысында, Доңызтау аласа үстіртінің (жусанды) жазыққа енген аумақтарында (бұйырғын) кездеседі. Облыстағы табиғи жүйенің қазіргі экологиялық жағдайы, олардың бұзылуының

деңгейі жануарлар дүниесіне де ықпалын тигізуде. Мекен ету аймағының өзгеруі, топырақ пен судың мұнай өнімдерімен және ауыр металдармен ластануы, өсімдік жамылғысының 3 деградациясы, ареалдарда инженерлік-көліктік құрылымдардың салынуы, дыбыстық ластану мен браконьерлік нәтижесінде көптеген жануарлар түрлері сиреп, азаюға ұшырады. Біршама деңгейде бұл негізінен Волга-Жайық өзендері арасында бірен-саран бас кездесетін тұяқтыларға (ақбөкен) ықпал етті. Әртүрлі жабайы жануарлардың таралу аймағын зерттеу барысында олардың мекендеу аймағынан тыс жерлерде оларды жерсіндіруге болатын аймақтардың бар екені анықталды.

Атырау облысының ландшафттарын рангілеу олардың бұзылу деңгейлері бойынша балдық бағалау негізінде есептелді. Ландшафттардың бұзылуының бес деңгейі анықталды (іс жүзінде бұзылмаған ландшафтан қатты бұзылған ландшафтқа дейін). Облыс аумағында антропогендік ықпалдың жайылымдық және өнеркәсіптік-техногендік түрлері басым. Шаруашылық қатынаста аймақтың шығыс бөлігінде өнеркәсіптік қолданыстың теңіздің және аллювийлік ландшафттары көп кездеседі. Мұнда көмірсутек кенорындары шоғырланған: Доссор, Мақат, Ескене, Байшонас, Қосшағыл, Құлсары, Қаратон, Прорва және басқалары. Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауы бойында және облыстың шығысында орналасқан мұнай және газ өндіретін аймақтарында жер асты және жер үсті құбырларының біршама жоғары тығыздығы байқалады, бұл өз кезегінде ландшафттардың морфологиялық құрылымының өзгеруіне, дефляция үдерістерінің, су эрозиясының қалыптасуына, тұздану үдерісінің дамуына әкеліп соғады. Антропогендік ықпалдың негізгі түрі болып табылатын ауылшаруашылық ықпал аймақтың 82,5%-н артық аумақты қамтиды. Ең үлкен жайылымдық жүктеме Атырау қ.э., Махамбет және Жылыой әкімшілік аудандарында байқалады. Қазіргі уақытта облыстың жайылымдық жерлерінде әр тарапты үдерістер жүріп жатыр: бір жағынан, елді-мекендерге таяу жатқан аумақтарда малды шектен тыс жаю және осы аумақтарда қатты деградациялық үдерістердің дамуы белең алған.

Облыс аумағының біраз бөлігінде жүріп жатқан, әлі шешілмеген мәселеге шөлдену мәселесі жатады. Экожүйелердегі фондық жағдай облыстың 12,6% немесе 14,9 мың

км² аумағына сәйкес келеді, қалған аумақтар шөлдену ықпалына бейім аймақтар болып табылады. Шөлденудің әлсіз деңгейі 34,5 мың км² (29,1%) немесе облыстың ширектен артық аумағын, бірқалыпты – 49,6 мың км² (41,8%), қатты – 18,5 мың км² (15,6%) және өте қатты – 1,1 мың км² (0,9%) аумағын алып жатыр.

Көмірсутекті өндіру барысында маңызды назар аумақтың көлікпен қамсыздандырылуына аударылады. Әрбір 100 км құбыр жолы құрылысын салу нәтижесінде бұзылған топырақтың ауданы 500-1000 га-ды құрайды. Осының салдарынан антропогендік мезо- және микробедерлер қалыптасып, келесідей бедер құрушы үдерістердің белсенділігі артуда: эрозия, дефляция, су жиналу аумақтарының шөгуі, суффузия және т.б. Өңірдің экологиялық жағдайының жағымсыз өзгеруінің негізгі себептеріне химия, жеңіл және тамақ өнеркәсіптерінде шикізатты өндіру және өңдеу салаларында технологиялардың жетілдірілмеуі жатады. Бұл қауіпті ауыр металдардың, радионуклидтердің, технологиялық реагенттердің ыдырау өнімдері мен басқа да қауіпті заттардың шоғарлануына әкеліп соғады.

Өмір сүру ортасының деградациясы мен халықтың денсаулығына залал келтіретін қоршаған ортаның газ тәрізді, сұйық және қатты заттармен және өнеркәсіп қалдықтарымен ластануы әлеуметтік және экономикалық маңыздағы өткір басым экологиялық мәселе ретінде қалып отыр (Байков, 2022: 75).

Облыстағы қазіргі экологиялық мәселелер әртүрлі сипаттағы өзектілікке ие бола отырып, жалпы халықтың өмір сүру қабілеті деңгейіне ықпал етуде. Облыс халқын медико-биологиялық тексеру аймақта экологиялық-демографиялық шиеленісті анықтауға мүмкіншілік берді. Халықтың денсаулық жағдайын бағалау үшін аумақтарда интеграциялық көрсеткіштер – өлім, туу серпіні, орташа өмір сүру ұзақтығы, жалпы және инфекциялық аурулар көрсеткіштері қолданылады. Халықтың денсаулық жағдайын бағалау үшін облыстық және аудандық көрсеткіштер қолданылып, олар Қазақстанның басқа да аймақтарының және орташа республикалық көрсеткішпен салыстыра отырып анықталады.

Облыстағы экологиялық мәселелерді шешу бойынша ғалымдардың қатысуымен облыстық және аумақтық экологиялық бөлімдердің, үкіметтік емес және қоғамдық ұйымдар тарапынан жүргізілетін және жоспарланған шаралар қатары іске асырылмақ. Олардың арасын-

да келесідей шараларды ерекше бөліп көрсету қажет:

- мұнаймен ластанған кенорындарының топырақтарын тарихи ластанған аумақтарды рекультивациялау;

- өндірістік қалдықтарды екінші реттік өңдеу;
- энергияның қосалқы түрлерін қолдану;

- қайта өңдеу зауыттары мен елді-мекендерден шыққан тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған полигондарды салу;

- елді-мекендер мен инженерлік құрылыстарды механикалық қорғау кешендері мен фитомелиорация жұмыстары негізінде жылжымалы құмдардың басып қалу қаупінен сақтау.

Батыс Қазақстан өңірінде әдістемелік тәсілдерді пайдалану топырақтың ластану деңгейін және топырақтың улы химикаттармен ластануының ықтимал салдарын бағалау кезінде салыстырмалы деректерді алуға ықпал етеді, өсімдік тектес тамақ өнімдерінің сапасын болжауға мүмкіндік береді.

Топырақтың улы химикаттармен ластану қаупін бағалаудың негізгі критерийі топырақтағы химиялық заттардың шекті рұқсат етілген концентрациясы (ШРК) болып табылады.

Топырақтың ластану қаупін бағалау үшін улы химикаттарды – ластану көрсеткіштерін таңдау кезінде төмендегі мәліметтерді ескере отырып жүргізіледі:

- зерттелетін аймақтың топырағын ластауға қатысатын улы химикаттар кешенін анықтайтын ластану көздерінің ерекшеліктері;

- топырақтағы улы химикаттардың ШРК тізіміне (1-кесте) және олардың қауіптілік классына (2-кесте) сәйкес ластаушы заттардың басымдығы.

Барлау зерттеулерімен ластанбаған (фондық) және ластанған аумақтар анықталады. Ауданның ландшафтық ерекшеліктеріне байланысты фондық аумақта сынақ учаскелерінің орналасуы ерекшеленеді. Бұл жағдайда топырақ түзетін жыныстар, топырақ түзілу түрі, жер бедері, өсімдіктер және т.б. анықталады. Ластаушы заттар бойынша жергілікті геохимиялық ауытқулар анықталуы мүмкін. Сынақ учаскелерінің саны мен орналасуы аумақтың ландшафт-геохимиялық және топырақ ерекшеліктеріне байланысты. Сынақ учаскелерінде жағдайдың сипаттамасы және топырақ сынақтарын алу жүргізіледі.

1-кесте – Топырақтағы химиялық заттардың кестесі және олардың зияндылық көрсеткіштері бойынша рұқсат етілген деңгейлері.

Зат	ШРК, 1 кг топыраққа мг		Зияндылық көрсеткіштері			
	жалпы	Жылжымалы	Трансло- кациялық	Миграциялық сулы	Миграция- лық ауалы	Жалпыса- нитарлық
Бенз(а) пирен	0,02	0,02	0,2	0,5	-	0,02
Бензол	0,3	3,0	10	0,3	0,3	50
Толуол	0,3	0,3	0,3	100	0,3	50
Стирол	0,1	0,1	0,3	100	0,1	5-50
Ксилол	0,3	03	0,3	100	0,3	5-50
Мышьяк	2	0,2	2	15	-	10
Кадмий	1-0,5	0,03	1	10	-	5
Сынап	2,1	0,2	2	10	-	10
Қорғасын	30	6	35	260	-	30
Ванадий	150	50	100-300	100	-	100
Марганец	1500	500	10000	6300	-	1500
Сурьма	4,5	0,5	4,5	4,5	-	50
Никель	4	1	6,7	14	-	4
Цинк	70	23	23	200	-	37
Мыс	60	3,0	3,5	72	-	3
Күкірт элем.	160	60	100-200	100	-	100
Бор	30	0,87	3,5	10	-	10
Хром	30	6,0	2,5	30	-	4
Фтор	10	2,8	2	10	-	3
Молибден	10	4	3	10	-	3
Кобальт	10	1	4,5	4,5	-	40

2-кесте – Zc бойынша топырақтың ластану қаупінің болжамды бағалау шкаласы

Топырақтың ластану санаты	Zc	Ластану ошақтарындағы халық денсаулығы көрсеткіштерінің өзгеруі
Рұқсат етілген	<16	Балалар ауруының ең төменгі деңгейі және функционалдық ауытқулардың ең төменгі жиілігі
Орташа қауіпті	16-32	Жалпы сырқаттанушылықтың артуы
Қауіпті	32-128	Жалпы сырқаттанушылықтың, жиі ауыратын балалар санының, созылмалы аурулары бар балалардың, жүрек-қантамыр жүйесінің функционалдық жай-күйінің бұзылуының артуы
Өте қауіпті	>128	Балалар аурушандығының артуы, әйелдердің репродуктивті функциясының бұзылуы (жүктіліктің токсикозының, мерзімінен бұрын босанудың, өлі туудың, жаңа туған нәрестелердің гипотрофиясының ұлғаюы)

Ескерту. Топырақтың ластану деңгейін бағалау кезінде химиялық заттарды эмиссиялық талдау әдісімен анықтау ұсынылады.

Ластанған аумақта топырақ сынамаларын алу нүктелері жел раушанын ескере отырып, ластану көзінен әр түрлі қашықтықта орналастырылады. Сынақ нүктелерін орналастыру жиілігі ластану көзіне жақын (50, 100, 200, 300 м) және жойылған сайын азаяды. Зерттеу аймағының пішіні-

желдің раушаны бағытымен созылып жатады. Сынақ нүктелерін таңдағанда, олар ландшафтты ұйымдастырудың күрделілік категориясын және топырақ жамылғысының құрылымы негізінде жасалынады өйткені бұл топырақ картасын жасау кезінде ескеріледі. Сынақ учаскелерінде тұрақты және мерзімді бақылаулар жүргізіледі. Көпжылдық зерттеулерге сүйене отырып, бақыланатын элементтердің жылжымалы формаларын қайта анықтау бірнеше жылдан кейін (2-5) жүргізілуі керек екендігі анықталды. Жілілік ластаушы объектілердің өнеркәсіптік қызметінің қарқындылық дәрежесімен, бақыланатын элементтің ерекшеліктерімен анықталады.

Топырақтың улы химикаттармен ластануы ластанған аумақтардан алынған топырақ үлгілерін химиялық талдау нәтижелері бойынша бағаланады. Өткен жылдардағы зерттеулердің материалдары бойынша ластануға бейім аумақтар таңдалады. Далалық топырақты зерттеу әдістемесі бойынша топырақтың әр типі мен тип тармағына 50 гектар алқапқа топырақ кескіні салынады, оның ішінде конверт әдісімен А гумусты-аккумулятивті қабат пен В өтпелі қабаттан орташа үлгілер алынады. Химиялық талдаулардың нәтижелері статистикалық өңдеуден өтеді және токсиканттың белгіленген шекті рұқсат етілген концентрацияларымен (ШРК) салыстырылады.

ШРК зерттелетін аумақтың топырағының белгілі бір токсиканттармен ластануын бағалаудың негізгі критерийі болып табылады. ШРК топырақтағы химиялық заттар құрамының кешенді интегралды көрсеткіші болып табылады, қолданылатын зияндылық критерийлері ластаушы заттардың жанасу ортасына және топырақтың биологиялық белсенділігіне әсер етуінің ықтимал жолдарын көрсетеді. Химиялық заттармен ластанған топырақтың қауіптілігін

бағалау жергілікті ерекшеліктерді (егістік, жайылым, елді мекен, рекреациялық аймақтар, табиғи ландшафттар және т.б.) ескере отырып, жерді пайдаланудың әртүрлі сипаттағы топырақтары үшін сараланған түрде жүргізілуі керек. Бұл ретте ластаушы заттың ерекшелігіне байланысты зияндылықтың шекті көрсеткіштері әртүрлі болады ауыр металдар үшін – жалпы санитарлық және транслокациялық, пестицидтер үшін – транслокациялық, мұнай және мұнай өнімдері үшін – миграциялық.

Елді мекендердің химиялық ластану деңгейін бағалау қалалардың қоршаған ортасын біріктірілген геохимиялық және гигиеналық зерттеулер кезінде әзірленген көрсеткіштер бойынша жүргізіледі. Мұндай көрсеткіштер Кс химиялық элементінің концентрация коэффициенті және Zc ластануының жалпы көрсеткіші болып табылады.

Химиялық элементтің концентрация коэффициенті Кс топырақтағы элементтің нақты мазмұнының фонға қатынасы ретінде анықталады: $K_c = C_i / C_f$

Көбінесе топырақ бірден бірнеше элементтермен ластанғандықтан, олар үшін элементтер тобының әсерін көрсететін Zc ластануының жалпы көрсеткіші есептеледі:

$$Z_c = \sum K_{ci} - (n - 1) \quad (1)$$

Мұндағы K_{ci} -сынамадағы i элементтің шоғырлану коэффициенті; n -ескерілетін элементтер саны.

3-кесте – Химиялық заттармен ластанған ауыл шаруашылығы мақсатындағы топырақты бағалаудың қағидаттық схемасы

Топырақтың ластану санаты	Ластану сипаттамасы	Аумақты пайдалану ықтималдығы	Ұсынылатын іс-шаралар
I. Рұқсат етілген	Топырақтағы химиялық заттардың мөлшері фоннан асып түседі, бірақ ШРК-дан жоғары емес	Кез келген дақылға пайдалану	Топырақтың ластану көздерінің әсер ету деңгейінің төмендеуі. Өсімдіктерге токсиканттардың қолжетімділігін төмендету бойынша іс-шараларды жүзеге асыру (әктеу, органикалық тыңайтқыштар енгізу және т. б.)

Топырақтың ластану санаты	Ластану сипаттамасы	Аумақты пайдалану ықтималдығы	Ұсынылатын іс-шаралар
II. Орташа қауіпті	Топырақтағы химиялық заттардың құрамы зияндылықтың жалпы санитарлық, миграциялық су және миграциялық ауа көрсеткіштерін шектейтін, бірақ транслокациялық көрсеткіш бойынша рұқсат етілген деңгейден төмен болған кезде олардың ШРК-дан асады	Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сапасын бақылау шартымен кез келген дақылдарға пайдалану	I санатқа ұқсас іс-шаралар. Миграциялық су немесе миграциялық ауа көрсеткіштерін шектейтін заттар болған кезде жұмысшылардың тыныс алу аймағында және жергілікті су көздерінің суында осы заттардың болуына бақылау жүргізіледі.
III. Жоғары қауіпті	Топырақтағы химиялық заттардың мөлшері зияндылықтың шектеулі транслокациялық көрсеткіші кезінде олардың ШРК дан асады	Техникалық дақылдар үшін пайдалану. Концентраторлық өсімдіктерді ескере отырып, дақылдарды пайдалану шектеулі	I санат үшін көрсетілген іс – шаралардан басқа, өсімдіктер-азық-түлік және жемшөптегі токсиканттардың құрамын бақылау міндетті. Өсімдіктерді – азық-түлік өнімдерін өсіру қажет болған жағдайда оларды таза топырақта өсірілген өнімдермен араластыру ұсынылады. Концентратор – өсімдіктерді ескере отырып, мал азығына жасыл массаны пайдалануды шектеу.
IV. Өте қауіпті	Химиялық заттардың құрамы барлық зияндылық көрсеткіштері бойынша топырақтағы ШРК дан асады	Техникалық дақылдарды пайдалану немесе ауыл шаруашылық пайдаланудан шығару. Орман қорғау белдеулері	Ластану деңгейін төмендету және топырақтағы токсиканттарды байланыстыру жөніндегі іс-шаралар. Жұмысшылардың тыныс алу аймағында және жергілікті су көздерінің суында токсиканттардың болуын бақылау

Ластанудың жиынтық көрсеткіші бір сынамадағы барлық элементтер үшін және геохимиялық іріктеме бойынша аумақтың учаскесі үшін анықталуы мүмкін. Қауіптілікті анықтау бағалау шкаласы бойынша жүргізіледі, оның градациясы топырақтың ластану деңгейі әртүрлі аумақтарда тұратын халықтың денсаулық жағдайын зерттеу негізінде әзірленген.

Авторлардың зерттеулері бойынша, топырақтағы ауыр металдардың бұрынғы өлшенген концентрациялары келесідей болды. Ақтөбе топырағында мыс мөлшері 0,03-31,0 ШРК, Хром (6+) 0,2-1,2 ШРК, Кадмий 0,1-1,3 ШРК, Қорғасын мен мырыш 0,0003-0,04 ШРК аралығында. Көктем мезгілінде металдардың ШРК дан асатыны қала ішінде мынандай болды: №16 мектеп ауласында және авиақалашығында мыстың концентрациясы 31,0 ШРК, Хром (6+) концентрациясы 1,2 ШРК, Теміржол вокзалының маңында мыстың концентрациясы 16,3-20,3 ШРК аралығында болды .

Орал қаласының топырақтарында ауыр металдар концентрациясы келесідегідей: Кадмий

0,2-1,6 ШРК, Хром (6+) 0,2-5,4 ШРК, Мыс 0,02-17,7 ШРК, Қорғасын мен мырыш 0,0004-0,1 ШРК. Күз мезгілінде ШРК дан асқан нысандар: «Киров» паркінде мыс 16,7 ШРК, «Зенит» зауыты санитарлық қорғау шекарасында -13,7 ШРК, Шаған өзені маңында 8,7 ШРК, №11 мектеп ауласында мыс 17,7 ШРК Айтиева –Евразия тас жолында мыс 11,3 ШРК, Кадмий 1,6 ШРК болды.

Атырау қаласы топырағында ауыр металдар концентрациясы: Хром (6+) 0,2-20,0 ШРК, Кадмий 0,2-2,0 ШРК, Қорғасын, мыс және мырыш 0,0003-0,6 ШРК аралығында. Көктем мерзімінде Хром (6+) концентрациясы ШРК дан асқаны байқалады: №9 мектеп ауласында 10,0 ШРК, Атырау мұнай өңдеу зауытынан 500 м – 20,0 ШРК, 2 км қашықтықта 12,0 ШРК, Атырау – Орал тас жолы ауданында 20,0 ШРК болды.

Ақтау қаласы топырақтарында ауыр металдар мөлшері: Кадмий 1,4 – 2,0 ШРК, Мыс 5,0-12,0 ШРК, Хром (6+) 0,8-4,0 ШРК, Қорғасын, мырыш 0,0003-0,3ШРК аралығында. Күзгі мерзімде ауыр металдардың ШРК асқандары.

Кадмий 1,4 -2,0 ШРК, Мыс 5,0-12,0 ШРК, Хром (6+) 0,8-4,0 ШРК. Жылу электр станциясында -1. Санитарлық қорғау шекарасында мыс 12,0 ШРК, Хром (6+) 4,0 ШРК, Кадмий 1,4 ШРК, Каспий автосалонында санитарлық қорғау шекарасында мыс 8,0 ШРК, Кадмий 2,0 ШРК, Хром (6+) 1,4 ШРК құрады.

Кеңістіктік-географиялық ақпараттың көп мөлшері үшін орталықтандырылған қор қажет, онда олар геодеректер қоры түрінде ыңғайлы біртұтас орта жасайды. Деректер қоры одан әрі мінез-құлықты қалыптастыратын элементтер мен ережелердің көмегімен басқарылады. Элементтер – бұл әртүрлі тақырыптағы мәліметтер жиынтығы. Олар жиынтықтарды құрайтын кеңістіктік объектілер кластарымен ұсынылған. Элементтердің кеңістіктік байланысы бірдей, қасиеттері бірдей, бұл өз кезегінде оларға тұтастық пен тәртіп ережелерін орнатуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда ережелер топология мен геометриялық желімен ұсынылған.

Басқаруды бір редактор жүзеге асырған кезде немесе дерекқорда көптеген редакторлар болған кезде және барлығы деректерді жанартуға және түзетуге құқылы болған кезде база бір қолданушылы болып ұсынылады.

Геодеректер базасының (ГДБ) үш түрі бар. Файлдық (1-сурет), онда папкалар бір файлдық жүйеде сақталады, әр жиынтық 1ТВ өлшемдеріне жететін файл түрінде болады. ГДБ ең көп қолданылатын түрі. Жеке, онда жиынтықтар Microsoft Access дерекқоры ретінде 2 ТБ дейін сақталады. ArcSDE-бұл көп қолданушы геодеректер базасы, жиынтықтар реляциялық мәліметтер базасында сақталады, өлшемдері шектелмейді. Зерттеу мақсаттары геодеректердің файлдық базасымен қанағаттандырылады, өйткені оны перспективада бір пайдаланушыға ыңғайлы, бірақ бүкіл геокеңістіктік өңдеу процесін оңтайландыруға мүмкіндік беретін кәсіпорындық ГАЗ енгізу үшін пайдалануға болады.

Қазақстанның батыс облыстарының геодеректерінің файлдық базасы объектілер кластарының негізгі жиынтығы және кеңістіктік деректер кластары сақталатын ақпараттың тармақталған құрылымы болып табылады.

Геодеректер базасында үш негізгі мәліметтер жиынтығы бар – бұл кеңістіктік объектілер класы, кестелер және растрлық жиынтықтар. База кеңістіктік-уақыттық деректерді басқару процесін оңтайландырады, әртүрлі деректердің кең ауқымын ұйымдастырады, сақтайды.


